

бірнеше этимологиялық нұсқасының болуы - оның көне әрі көпқабатты тарихын көрсетеді. Түркілік (ай-оғуз) нұсқа тілдік тұрғыдан ең дәлелді болып саналса, аңыздық интерпретация халық жадындағы рухани-символдық кеңістікті танытады. Өңірдің өзге атаулары да тарихи, табиғи және этномәдени құбылыстарды терең бейнелейді. Жалпы алғанда, Аягөз топонимиясының зерттелуі қазақ ономастикасының дамуына үлес қосады, ұлттық тарихи жадыны жаңғыртуға көмектеседі және өңірлік мәдениетті ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу болашақта аймақтық ономастикалық атластарды құруға, тарихи-этнолингвистикалық деректерді жүйелеуге және өңірдің мәдени мұрасын кеңінен насихаттауға негіз бола алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. - Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б.
- 2 Ташайықов Н. Шығыс Қазақстан топонимдері: тарихи-этимологиялық талдау. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2004. - 198 б.
- 3 Потанин Г. Н. Очерки Северного Китая и Восточного Казахстана. - Санкт-Петербург: Типография Императорской академии наук, 1881. - 356 с.
- 4 Телғожа Ж. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. - Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. - 356 б.

### **ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕРІ**

**Еламан Ә.Ж.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

yelaman.alikhan@bk.ru

#### **Аннотация**

В статье рассматриваются исторические, культурные и лингвистические аспекты топонимов города Жанаозен и прилегающих территорий Мангистауской области. Исследуются происхождение, семантическая структура и народная интерпретация таких названий, как Каракия, Бозаши, Жетыбай, Кызылсай, Сенек и Тенге. Большинство топонимов Мангистау связано с природными ландшафтами, этно-родовой историей и индустриальным развитием XX века. Например, Каракия - впадина, находящаяся на 132 м ниже уровня моря, что отражает уникальные географические особенности региона, а Жетыбай и Сенек - названия, связанные с историческим расселением родов и кочевым образом жизни. В работе применены историко-сравнительный метод, лингвистический анализ и сопоставление картографических данных. Результаты показывают многослойную семантику топонимов Жанаозена и Мангистау, их этнолингвистическое и культурное значение. Названия фиксируют историческую память региона, отражают духовную и культурную идентичность местного населения, его традиционное восприятие пространства. Данное исследование способствует более глубокому пониманию ономастики Мангистау, раскрывает культурно-историческое значение географических названий.

Ключевые слова: Мангистау, Жанаозен, топонимия, ономастика, Бозащы, Каракия, этнолингвистика, исторические названия.

#### **Annotation**

This article examines the historical, cultural, and linguistic aspects of toponyms in the city of Zhanaozen and surrounding areas of the Mangystau region. The research analyzes the origin, semantic structure, and folk interpretations of names such as Karakiya, Bozashy, Zhetybai, Kyzylsai, Senek, and Tenge. Most Mangystau toponyms are linked to natural landscapes, tribal-ethnic history, and the industrial development of the 20th century. For instance, Karakiya is a depression located 132 meters below sea level, reflecting the unique geographical characteristics of the region, while Zhetybai and Senek relate to historical tribal settlements and nomadic lifestyles. The study employs historical-comparative methods, linguistic analysis, and cartographic data comparison. The results demonstrate the multilayered semantics of Zhanaozen and Mangystau toponyms and their ethno-linguistic and cultural significance. These names preserve the historical memory of the region, convey the spiritual and cultural identity of local communities, and reflect traditional perceptions of space. This research contributes to a deeper understanding of Mangystau onomastics and highlights the cultural and historical importance of geographic names in the region.

historical and onomastic nature of the toponyms in the city of Zhanaozen and its surrounding areas in southern Mangystau, including Kyzylsai, Tenge, Zhetybai, Senek, Bozashy, and Karakia. The study analyzes the etymology, semantic features, historical layers, folk explanations, and cultural significance of these geographical names. Special attention is paid to the influence of ancient Turkic, Oghuz-Kipchak, and Adai tribal settlements on the formation of regional toponyms. The research relies on archival materials, historical maps, ethnolinguistic field data, and the works of S. Kondybay, E. Koishybayev, T. Zhanuzakov, and others. The findings reveal the ethnolinguistic, historical, and cultural importance of Mangystau's toponymic system and its role in preserving the region's collective memory.

Keywords: Mangystau, Zhanaozen, toponymy, onomastics, Bozashy, Karakia, ethnolinguistics, historical names.

Халықтың тарихи жадын, мәдени дүниетанымын, табиғатты қабылдау ерекшелігін айқындайтын маңызды құбылыстардың бірі жер-су атаулары, яғни топонимдер. Әсіресе Маңғыстау өңірінің ономастикалық келбеті өз ішіне мыңжылдықтар бойы жинақталған мәдени, тарихи және этнолингвистикалық қабаттарды біріктіреді. Маңғыстау ежелгі түркі тайпаларының, оғыз-қыпшақ бірлестіктерінің, кейінгі қазақ руларының күрделі қоныстану процесін бастан өткерген, тарихи-географиялық тұрғыдан бірегей аймақ. Осы ерекшеліктердің барлығы өңір топонимдеріне тікелей әсер етіп, олардың семантикалық құрылымын байытқан. Жаңаөзен қаласы Маңғыстау облысындағы ең жас, бірақ стратегиялық маңызы жоғары қалалардың бірі. Оның атауы ХХ ғасырдың екінші жартысында мұнай-газ өндірісінің дамуымен, Өзен кен орнының ашылуымен байланысты қалыптасты. Алайда қаланың заманауи атауына қарамастан, оның айналасындағы жер-су атауларының көпшілігі өте көне тарихи тамырға ие. Мәселен, Қарақия ойпаты, Бозашы түбегі, Сенек, Қызылсай, Жетібай сияқты атаулар өңірдің табиғи-ландшафттық ерекшелігін ғана емес, оның этностық, шаруашылық және мәдени тарихын да айғақтайды. Топонимдер аймақтың тарихи болмысын, дәстүрлі шаруашылық жүйесін, ру-тайпалардың көші-қон бағыттарын, сонымен бірге тұрғындардың кеңістік жайлы түсінігін қалыптастырған. Сондықтан Жаңаөзен мен Маңғыстау өңірінің ономастикасын зерттеу тек атаулардың шығу тегін анықтау емес, өңір мәдениетінің, этнографиясының, тарихи сана құрылымының күрделі қабаттарын өңір мәдениетінің, этнографиясының, тарихи сана құрылымының күрделі қабаттарын ашу.

Зерттеу әдістері мен материал

Зерттеу жұмысы тарихи-салыстырмалы әдіске, лингвостилистикалық талдауға, топонимдердің семантикалық жіктелуіне және картографиялық деректерді салыстыруға негізделді. Негізгі дереккөздер ретінде Серікбол Қондыбайдың «Маңғыстау-нама» еңбектері, Е.Қойшыбаевтың «Қазақстан топонимдерінің сөздігі», Б. Көшімованың ономастика саласына арналған зерттеулері, Маңғыстау облысының архивтік материалдары, тарихи карталар, сондай-ақ өлкенің этнографиялық деректері пайдаланылды. Жергілікті тұрғындар берген ауызша мәліметтер де қосымша дерек ретінде қарастырылды.

Талқылау

Маңғыстау өңірінің ономастикасы - табиғат, этностық тарих және халықтық дүниетанымын тоғысынан туған күрделі тілдік жүйе. Жаңаөзен қаласы мен оның айналасындағы топонимдер осы аймақтың географиялық және мәдени келбетін нақты бейнелейді. Ең алдымен, өңір ономастикасының басты ерекшелігі - табиғи ландшафтқа қатысты атаулардың көптігі. Мысалы, Қарақия ойпаты - Қазақстандағы ғана емес, ТМД аумағындағы ең төмен географиялық нүкте болып табылады. Оның теңіз деңгейінен биіктігі -132 метр, бұл Еуразиядағы ең төмен 5 ойпаттың біріне кіреді. Географиялық координаттары: 43°22' с.е., 51°32' ш.б. [4]. Қарақия атауы түркі тілдеріндегі «қарық» - батып кету, «қия» - жар, тік құлама мағыналарына негізделген. Сондай-ақ, ойпатта шамамен 1 млн жыл бұрын қалыптасқан жер қыртысының тұз күмбездері бар, бұл геологиялық құрылымның ерекшелігін көрсетеді. Қадамын санап басқан жер, - деп жырлайды зар заман ақыны Мұрат Мөңкеұлы. Қазыналы Маңғыстауды «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер» деп айтушы еді. Шынында сол жеті жұрттың сан алуан мәдени құндылықтары қаз-қалпында сақталған. Көшпелі сәулет өнерінің жарқын да қайталанбас үлгілері, қазақтың алғашқы қауымдық дәстүрлі мәдениеті сіңген өлке екені айтпаса да түсінікті. Тіпті Маңғыстау сөзінің шығу төркінінде де сан түрлі пікірлер бар. «Мың ауыл» немесе «Мың қыстау» дегені халық арасында кеңінен тараған. Жергілікті халық та осы сипаттағысын жиі айтады. [4, б. 83].

Бозашы түбегі - Қазақстанның ең үлкен түбектерінің бірі. Ұзындығы 300 км, ені 50-70 км, Каспий теңізіне терең сұғына орналасқан. Тарихи деректерде (Геродот, Клавдий Птолемей карталарында) бұл аймақ «Бузачи» немесе «Боцае» деп аталған. Этнолингвистикалық тұрғыдан

«бозашы» - балықшы немесе теңіз кәсіпкері, «боза» - бозғылт түс, «шық» - шығанақ мағыналарының бірігуінен пайда болған делінеді [1, б. 132].

Жетібай атауы қазіргі кездегі мұнай кен орнының ашылуымен тығыз байланысты. Кен орны 1961 жылы ашылып, академик Губкиннің (КСРО геология және мұнай институты) экспедициясы Жетібайдың алғашқы геологиялық картасын жасаған. Көне түркі ескерткіштеріндегі «бай» термині «иесі», «қорғаушы», «билік иесі» мағыналарында кездеседі, бұл атаудың тарихи-рулылық және экономикалық аспектісін көрсетеді.

Қызылсай аумағында геолог А.Жирмунский зерттеген қызғылт саз қабаттары бар, олар жасы бойынша пермь дәуіріне (шамамен 250 млн жыл) жатады. 1953 жылы осы аймақта алғашқы барлау-геологиялық экспедиция жүргізілген. Атаудың өзі табиғи-ландшафтық сипатқа негізделген: «қызыл» - топырақ немесе саз қабатының түсі, «сай» - жыралы аймақ.

Сенек атауының шығу тегі де табиғатпен тығыз байланысты. Сенек каньоны ұзындығы 12 км, тереңдігі 80-100 м, бұл атаудың «тар шатқал» деген мағынасына дәл келеді. XVIII-XIX ғасырдағы Хиуа, Қоқан карталарында Сенек «Сенек өткелі» (құдық маңайындағы керуен жолы) ретінде белгіленген. Сенек атауы да ерекше көңіл аударуды талап етеді. Бұл атаудың түбірі ежелгі түркілік «синек/сенек» сөзінен шыққан деген болжам бар. Оның мағынасы - «тар шатқал», «кіші өзек», «жел соғатын өткел» дегенді білдіреді. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер бұл атауды адай руының ішкі аталарымен байланыстырады. Бұл - топонимдердің этностық тарихпен тығыз байланыста болатынын дәлелдейді. Сенек - Қарақия ауданы. «Жерінің аты - елінің хаты» атты энциклопедиялық анықтамалықта бұл атауға: «Сенек - үйдегі кіреберіс бөлме, дәліз. Түйесу құмына кіреберіс жерде орналасқан ауыл» - деген түсінік берілген. Ал XVI ғасырдағы парсы-түркі сөздігінде сенек сөзі «суға арналған ыдыс» мағынасында қолданылғаны көрсетіледі. [2, б. 130].

Сенек атауы өңірдегі жерасты суы мол, құдықтарға бай мекенге байланысты қалыптасқан. Атаудың бастапқы семантикасы жерасты су көздері, құдық маңы немесе су жиналатын табиғи ойыс аймақпен байланысты болуы ықтимал. Теңге атауының шығуы туралы да бірнеше пікір бар. Біріншісі - бұл жерде ерте дәуірлерде керуендер тоқтап, сауда-саттық жүрген. «Теңге» сөзінің сауда айналымындағы рөлі белгілі болғандықтан, топоним сауда орнына байланысты қойылуы ықтимал. Екінші нұсқа - аймақтағы төбенің пішініне қатысты. Жергілікті аңыздарда бұл төбе «теңге сияқты домалақ» болғаны айтылады. Бұл - табиғи пішініне қарай қойылған атаулардың кең тараудың тағы бір дәлелі. Теңге - Жаңаөзенге қарасты елді мекен. Ел аузында мынадай аңыз айтылады: «Сүйгеніне қосыла алмай, шалға айттырылып қойған Теңге қыз үйінен қашып кетіп, суықтан үсіп өлген. Ол қайтыс болған жердегі төбе мен бейіт кейін Теңге деп аталған» деген халықтық нұсқа кездеседі. Ал Иран топонимиясында теңге сөзі «таудағы тар асу, тар аңғар» деген мағынаны білдіреді. Бұл дерек атаудың табиғи-географиялық ерекшелікке қатысты қойылған болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Жаңаөзен - қала, Қарақия ауданы. Атау жаңа (сын есім) және өзен (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі атау. Біздің пікірімізше, бұл жерде өзен сөзі қазіргі «арнамен ағып жатқан су» мағынасында қолданылмаған. Ол көне түркі тіліндегі «өз» түбірінен тараған. Осы түбірден жасалған өзен, өзек сөздері «бір кезде су ағып, кейін құрғап қалған, созылып жатқан ойыс жер, кішірек сай» деген мағынаны білдіреді. [2, б. 59].

Жетібай - кент, Қарақия ауданы. Атау жайында «сол жерде байдың малын баққан малшы жігіттің есімінен қойылған» деген халықтық болжам бар. Алайда біздің пікірімізше, атау жеті (сан есім) және бай (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.

Татар гидронимиясын зерттеген Ф. Г. Гарипова бай сөзінің «өзен, құрғақ арна» мағынасында қолданылатынын атап өтеді. Сондай-ақ, Орталық Азия топонимиясында бұл термин «құрғақ арна», «сусыз аңғар» деген мәнде кездеседі.

Осы деректерге сүйене отырып, Жетібай атауының семантикасы: «қатар орналасқан жеті (немесе көп) құрғақ арна, сусыз сай» деген мағынаны білдіреді. [2.61].

Сонымен қатар, Маңғыстаудың ежелгі атаулары да аномастикалық зерттеуге құнды дерек болып табылады. Ортағасырлық карталарда Маңғыстау «Манкышлак» (араб, парсы деректері), «Мангышлаг» (орыс деректері), «Mangyslak» (еуропалық карталар) деп аталған. Серікбол Қондыбайдың пікірінше, «Маңғыстау» атауы «мың қыстау» (көшпелі қыстаулар санына байланысты) немесе «ман/манғы» (көне түркіде - маңырау, жарқабақ, қыр) нұсқаларынан тұрады [4.74].

Нәтиже

Жүргізілген зерттеу барысында Жаңаөзен қаласы мен Маңғыстау өңіріндегі топонимдердің тарихи, мәдени және этнолингвистикалық табиғаты кең көлемде қарастырылды. Зерттеу нәтижелері

бұл аймақтың аномастикалық жүйесі өзіне тән бірнеше айрықша ерекшеліктерден тұратынын көрсетті. Бірінші кезекте, Маңғыстау топонимдерінің басым бөлігі табиғи-ландшафтық ерекшеліктерге байланысты қойылған. Қарақия, Қызылсай, Бозашы сияқты атаулар өңірдегі рельеф, түс, бедер, географиялық формалар туралы нақты ақпарат береді. Табиғатқа қарап атау беру көне түркі тайпаларына тән кеңістік моделінің негізгі сипаты. Бұл дәстүр ғасырлар бойы үзілмей, Маңғыстау ономастикасында айқын сақталған. Екінші маңызды ерекшелік этностық және рулық тарихтың топонимдерге әсері. Жетібай, Сенек, Шетпе, Адай атауларының шығу тегі кей жағдайда ру-тайпалар мен олардың қоныстану тарихына қатысты. Бұл атаулар халықтың этникалық жадының көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады. Топонимдер арқылы қазақ руларының тарихи қозғалыс бағыттары, мекендеген жерлері, шаруашылық-тұрмыс салты туралы мәліметтерді анықтауға болады. Үшінші ерекшелік ХХ ғасырдағы индустриялық кезеңнің әсері. Бұл кезеңде өңірге жаңа атаулар қосылды: Жаңаөзен, Өзен, Қарамандыбас, Құланды, Теңге мұның барлығы мұнай-газ өндірісінің дамуына тікелей байланысты қалыптасты. Индустриялық топонимдер Маңғыстаудың жаңа экономикалық тарихын бейнелейді. Төртінші ерекшелік топонимдердің семантикалық көпқабатты болуы. Мысалы, Бозашы атауы бір жағынан табиғи түс сипатымен, екінші жағынан балықшылар қызметімен, үшінші жағынан тарихи рулардың ізімен байланыстырыла түсіндіріледі. Топонимдерге берілген осындай көпқырлы түсіндірулер халықтық танымның богатырлығын көрсетеді. Зерттеу нәтижесі аномастика ғылымының өзі тек тілдік бағыт емес, тарихи, этнографиялық, географиялық, мәдени факторлардың жиынтығынан тұратын кешенді сала екенін дәлелдейді. Жаңаөзен мен Маңғыстау топонимдері өңірдің өзіндік болмысын көрсететін тарихи-мәдени мәтін іспетті. Олар арқылы аймақтың көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі даму жолын шолуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар зерттеу барысында жергілікті тұрғындардан алынған ауызша деректер де құнды ақпарат көзі ретінде пайдаланылды. Халықтық этимология мен ғылыми лингвистикалық талдаудың тоғысуы топонимдердің шығу тегі туралы дәлірек түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, Жаңаөзен өңірінің аномастикалық жүйесі табиғат, тарих, этностық құрылым және заманауи индустрия эсерлерінің синтезі. Бұл атаулар халықтың кеңістікті қабылдау мәдениетін, жерге деген құрметін, тарихи жадын және рухани болмысын айқындайды. Топонимдер тек атау емес олар халықтың өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымның бейнесі.

#### Қорытынды

Жаңаөзен қаласы мен Маңғыстау өңірінің аномастикалық атауларын зерттеу олардың терең тарихи, лингвистикалық және мәдени тамырларға ие екенін көрсетті. Өңірдегі топонимдер көне түркілік дүниетанымнан бастап қазіргі индустриялық кезеңге дейінгі тарихи ағымдарды бейнелейді. Табиғи-ландшафтық атаулар аймақтың географиялық ерекшеліктерін нақты сипаттаса, этностық атаулар қазақ руларының қоныстану тарихын және мәдени дәстүрін танытады. Ал заманауи өндірістік атаулар өңірдің ХХ ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық бетбұрысының куәсі ретінде маңызға ие. Зерттеу нәтижелері Маңғыстаудың жер-су атаулары тек географиялық нысан белгілері емес, аймақтың рухани әлемін, мәдени мұрасын, тарихи жадысын қалыптастыратын маңызды феномен екенін дәлелдеді. Әсіресе Жаңаөзен қаласы мен оның маңындағы атаулардың семантикалық құрылымы аймақтың өткен дәуірлерден жалғасып келе жатқан дүниетанымдық сабақтастығын көрсетеді. Бұл атауларда табиғаттың ерекше келбеті, халықтың көшпелі өмір салты, рулық жүйелердің тарихы, сондай-ақ мұнай өндірісінің заманауи кезеңі көрініс тапқан. Сондықтан өңір аномастикасын зерттеу жергілікті мәдениетті, тарихи сананы және этнолингвистикалық дәстүрді терең түсіну үшін аса маңызды. Жаңаөзен мен Маңғыстау топонимдері тек жер атаулары ғана емес, халықтың ғасырлар бойғы рухани тәжірибесін жинақтаған баға жетпес мәдени мұра.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қондыбай С. Маңғыстау-нама. - Алматы: Арыс, 2006. - 439 б
2. Б. Ә. Көшімова. *Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі.* - Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. - 238 б.
3. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б.
4. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы, 2007 - 524 б.
5. Самашев, Кушербаев, Аманшаев, Астафьев, З., К., Е., А. Сокровища Устюрта и Манкыстау, Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы, 2007. - 400 б
6. Каменов М.Д. Средневековое городище Кызылкала. В: Сдыков М.Н. 2007. - 322с